

## ДӘСТҮРЛІ ФИЗИКА ОЛИМПИАДАСЫ ЖАЛҒАСУДА



Биыл ата-бабамыз арман етіп, олардан мұра болып қалған Тәуелсіздігімізге 30 жылдың жүзі толып отыр. Дербестік пен егемендіктің қазіргі таңында Қазақстанның әлемдік аренада өзіндік үні, пікірі мен мәртебесі бар. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді. Заманның ұдайы өзгеріп отыратын айнасында ұлттық идеямызды сақтап, тарихи мұра, құндылықтардың қасиетін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдыру – біздің еншімізде. «Тұтас мемлекетті қамтитын ауқымды іс-шараларды өткізген кезде айқын көзқарас, нақты ұстаным болуы шарт. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи оқиғаға идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек» деп Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы өз үндеуінде атап өткендей, білім саласының қазығы, майталман шеберлері ретінде біздер келер ұрпақпен өз тәжірибемізбен бөлісіп, ұлағатты ұстанымдарымыз бен тарихи тамырымыздың тұғырын өсиет етіп қалдыру парызымыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің іргетасы қаланған күннен бастап жас ғалымдар мен талантты білімгерлерге есігі айқара ашылған жылуфизика және техникалық физика кафедрасы өзінің көпжылғы білім саласындағы ерен еңбегімен қаншама жас өрендердің физикаға деген құштарлығын оятып, беделі мен біліктілігі жарасқан азаматтарды тәрбиелеп шығарды. Өскелең жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен терең біліміне немқұрайды қарамайтын кафедра ұжымы қалыптасып үлгерген жыл сайынғы дәстүр бойынша факультет қабырғасында физика пәнінен Республикалық олимпиаданы үзбей ұйымдастырып келеді.

Биылғы 2021 жылы әдеттегідей қарашаның 26 жылдығында жылуфизика және техникалық физика кафедрасының доценті, ұлағатты ұстаз, еліміздегі гидроаэродинамика және конвективті жылу алмасу ғылыми мектебінің түлегі Өмірбеков Жеңіс Өмірбекұлының туғанына 80 жылдық мерейтойына және оған жапсарлас еліміздің тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған дәстүрлі

физика пәні бойынша Республикалық олимпиада ұйымдастырылды. Өңірдегі эпидемиологиялық ахуалдың қанағаттанарлық, әрі қауіпсіз болуының себебінен олимпиада офлайн нұсқада болып өтті. Олимпиадаға еліміздің әртүрлі өңірлерінің орта және жалпы білім беретін мектептерінде білім алатын оқушылар қатысты. Аталмыш олимпиаданы ұйымдастырудың мақсаты – еліміздің әр өңіріндегі дарынды балаларды анықтау, олардың сайыс барысында қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберліктерін тереңдету, жеке тұлғалық өзін-өзі танымына ықпал ету, еліміздің білім берудегі беделін жоғарылату.

Олимпиадаға қатысушылардың жұмыстары әділ қазылар алқасымен тексеріліп, бекітілген критерийлерге сәйкес бағаланды. Сайыстың негізгі кезеңі аяқталысымен кафедраның бекіткен іс-шараны ұйымдастыру бағдарламасына сәйкес қатысушылар университет қалашығын аралап, студенттерге қызмет көрсетуге негізделген «Керемет» орталығына, әкімшілік бөлім шоғырланған ректорат бөліміне, университеттің алуан түрлі мұражайларына саяхаттады. 2,5 млн астам кітап қоймасы бар Орта Азиядағы ең ірі ұлттық кітапханамызбен танысып, еліміздің түкпір-түкпірінен келген жасөспірімдердің болашақ мамандықтары мен өсіп-өнетін білім ордасына жасалатын таңдауға өз үлесімізді қостық.

Олимпиада нәтижесі бойынша жүлделі бірінші орынды Алматы облысы, Өтеген батыр кентіндегі №38 мектеп-гимназияның білімгері Пірімжанов Н.А. иеленді. Жұлделі екінші орынды қалалық «Жаңа ғасыр» гимназиясының оқушысы Саданова Д. мен Сыр өңірінен келген Калилаева Б. бөлісті. Үшінші орынды Алматы қаласының мектеп-гимназияларының дарынды жас оқушылары иеленді. Ал Қапшағай қаласынан, Қызылорда және Алматы облысы мен қалалық мектептердің белді білімгерлері төртінші орынды қанағат тұтты.

Олимпиаданы ұйымдастыруда белсенділік танытып, жанын салған кафедра ұжымы мен ұлағатты ұстаз Ж.Өмірбекұлының туған-туыстарының тарапынан 1 орын иеленгендерге – 50 мың, 2 орынға – 40 мың, 3 орынға – 30 мың және 4 орынға – 20 мың ақшалай сыйлықтар тағайындалып, марапатталды.

Осылайша, айтулы Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған қаншама студенттің үміт отын жағып, болашаққа жолдаманы қолына ұстатқан аяулы ұстаз Ж.Өмірбекұлының туған күніне орайластырған кезекті олимпиада ғылым биігінде жаңа шоқжұлдыздардың жануына түрткі болды деп сенеміз.

**С.А. Болегенова, Ж.К. Шортанбаева, Ш.С. Оспанова**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

## ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

«Дені саудың – жаны сау». Дәл осы сөздер бостан-бос айтылмаса керек. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да жан-жақты білім берумен қатар, студенттердің денсаулығына да қатты қарайтыны белгілі. Бүгін туберкулез ауруының алдын алу шаралары жайлы біраз ақпаратпен бөліссек.

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез – бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының, сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулездің алдын алу шаралары:

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы – күн тәртібін құру және ағзаны шынықтыру.

2. Таза ауада серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп адам ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.

3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауада мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.

4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары – сүртінуді, құю, душ.

5. Жөтел этикетін сақтау.

6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқада болады; көмірсулар қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.

7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайтавакцинациялау.

8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Қорыта келе айтпағым, денсаулықты күту өзімізге байланысты. Сол үшін қолда барда бағасына жетейік.

**Таукенова А.С., Сражова Ақтоты, Жанжол Ақсұңқар**

## МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ХХІ ҒАСЫР АҚЫНЫ

Жүрек – тірі жандылардың дене мүшелерінің патшасы. Жан – адамның ішкі, психикалық әлемі. Аталған ұғымдар кез келген адамға таныс екені белгілі. Адам өзінің қайғысын да, қуанышын да жан жүрегі арқылы бастан кешіреді. Аристотельден бастап, әлі күнге дейін ғалымдар бұл түсініктерді өзінше зерттеп, танып келеді. Мұқағали ақынның өлеңдері мен дүниетанымдық көзқарастары да жан мен жүрек тақырыбын шарпып өтеді. Ол өзінің өлеңдерінің ұзақ ғұмыр кешетініне, оқырманының жүрегіне жол ашатынына сенімді болған еді. Қазақ халқы оның сенімін ақтап қана қоймай, ақын өлеңдерінен адамгершілік, мейірімділік, Отанға деген сүйіспеншілік, жанашырлық пен жақсылық жасауға бейімделген өмірлік тәлімді ала білді. «Менің поэзиям, егер мен өлсем, сен тірі жүр» деп жырлап, өз ісін жанымен сүйген Мұқағали Мақатаев атамыз дүниеден ерте кетпегенінде, биыл 91 жасқа толар еді. Өзіне бұйырған 45 жыл ішінде ақын бар дүниетанымын, ақындық қасиетін қағаз бетіне түсіріп, қазақ әдебиетіне өзінің өшпес таңбасын қалдырды. Мұқағали Мақатаев өмірдегі кез келген оқиғаны қағаз бетіне түсіре алатын қасиетке ие болған.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – адамдардың өзінің ішкі жан дүниесін, жүрек таңдауын түсіне алмағандығынан психологтар көмегіне жүгінуі. Жаһандану заманы моральді тұрғыда өзінің теріс әсерін тигізуде. Осылайша, адамдар жан мен жүрегі күйзелткен мәселелерге «ем» іздейді. Ақын өлеңдерінің көбісі өзіндік «емдік» қасиетке ие. Бақыт, ата-ана, туған жер, махаббат, өкініш, арман ұғымдарына қатысты, ұйқасқа келтірілген, мәнді өлеңдер адамның көзін ашқызады. Осы тарапта, ақынның Отан тақырыбында жазылған өлеңдері ерекше көзге түседі. Бұл өлеңдерді оқитын болсақ, Мақатаевтың бақыты – өз Отанында, халқымен бірге тұруында екендігін ұғамыз. Бірақ ол үшін бұдан да жоғары – халықтың, туған жерінің бақыты. Қазақстанның қазіргі саяси-экономикалық ши-

еленіс, ішкі шерулі тұсында, ақын шығармалары халық жүрегін жылытады. Өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизмге шақырады. Елбасымыздың «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының мақсатына сай, осындай ақиық ақындардың мерейтойлары жоғары деңгейде атап өтіліп, кез келген оқу орындарында осыған байланысты іс-шаралар көрініс табууда.

Біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіміз аталған іс-шараларды ұйымдастырудан қапы қалмай, әрқашан студенттерін тарихымыздағы көрнекті тұлғалардың өмірі және шығармашылығымен таныстырып отырады. Экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-ші курс студенттері, оның ішінде логистика мен мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығында білім алып жатқан студенттер «Мұқағали Мақатаев – жан мен жүрек поэзиясы» атты іс-шараны Zoom платформасында өткізді. Онлайн форматтағы сабақтың еш қиындығына қарамай, студенттеріміз өзін жаңа қырынан аша білді. Аталған іс-шара үш тілде көрініс тапты. Іс-шараның көрермені болып М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенттері және де Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің студенттері тамашалады. Біздің университетіміздің шетел тілдері кафедрасының оқытушылары өткен іс-шараны жоғары бағалап, студенттерден байқалған поэзияға деген қызығушылықты ерекше атап өтті. Мұқағали өлеңдері ұлттық поэзия мен адам болмысын ерекше бір белеске көтере алатын қасиетке ие. Оның поэзиясынан шабыт алған студенттеріміз іс-шарада Мұқағали ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, ән шырқады. Омаркулов Курбаналибек, Дінмұхамедқызы Жанерке мен Қасымханова Жанерке атты студенттер іс-шараны ағылшын, қазақ, орыс тілдерінде еркін жүргізді. Жусупова Аида мен Қыдырбаева Назерке ақын жайлы ерекше ақпараттар тауып, өз өнерлерімен бөлісті. Студенттер «ақын және адам Мақатаевтың тағдыры қалай

болды?» деген сұрақтың жауабын оның жеке күнделігінде көрсетілген жазбалар арқылы берді. Сондықтан ақын күнделігінен кездескен сырлар ақын тағдырын шынайы сезінуге мүмкіндік береді.

Ақынның өзінің 45 жылдық өмірінде көрген қиындықтары аз емес. Жан мен жүрек қайғысын терең сезінген адамдардың бірі болған. Мақатаевтың күнделігін оқи отырып, оның ұлы ақын ғана емес, сонымен бірге айналасындағы дүниенің жауыздығын өткір сезінген адам екенін түсіндік. Өзінің бөлек әлемі болған ғажайып ақын өмірінде көп қуанышқа жете алмады. Алайда өнерлінің қадірін білетін адамдар ақынның атын өшірмей келеді. Өскелең ұрпақ ақын өлеңдерін жатқа біледі. Ақын мұрасы, маржан поэзиясы – мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін мұрасы.

«Тәрбие – сапалы білімнің негізгі арқауы, діңгегі. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөзі барша білім саласы қызметкерлерінің бой түзер бағдары болуы тиіс. Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар мемлекеттің озық инновацияларға сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл – қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет. Отандық білім саласы туған жеріңе, қоршаған ортаға, өз тарихыңа құрметпен қарауға тәрбиелеп, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі тиіс» дейді Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыны түсінген ұрпақ болашақта елімізді қор қылмайды, керісінше мемлекетіміздің жағдайын жақсартып, өткен өмір мен болашақты сабақтастырып, кейіннен алдына қойған барлық мақсатына жететіні бізге мәлім.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і Филология факультеті, шет тілдері кафедрасының аға оқытушысы Л.М.Махажанова, доцент, ф.ғ.к. Қ.Ә.Айсұлтанова, аға оқытушысы Л.М.Алиярова**